

**А. Гиззатова, 3-курс
Фылыми жетекшісі: Ж. С. Эшімова, криминалистика кафедрасының
оқытушысы
(КР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ҚЫЛМЫСТЫ ТЕРГЕУ ЖӘНЕ АШУ БАРЫСЫНДА САНДЫҚ ФОТОСУРЕТТІ ҚОЛДАНУ

«Криминалистикалық техника» түсінігі қазіргі кездегі дамыған түрі ақырын дами бастауды. Алғашқы жұмыстарда қылмысты тергеу кезінде техникалық әдіс-тәсілдерді қолданумен қоса, техникалық емес (тактикалық әдістер) әдіс-тәсілдерді қолдану мәселесі де қарастырылды. Криминалистиканың дамуы анық шектелген техникалық-тактикалық әдістерге әкелді. Қазіргі кезде «криминалистикалық техника»: криминалистиканың белімі ретінде және жалпы техниканың түрі ретінде термині еki мағынада қолданылады. Криминалистикалық техника криминалистика ғылымының құрылымдық белімі болып, әр жағдайларда өз жауабын әртүрлі техникалық әдіс-тәсілдердің көмегімен қамтамасыз етуге шақырылған. Криминалистикалық техниканың басты мақсаты болып, көрінбейтін және нашар көрінетін іздерді табу және алу бағыттаушы, дәлелдеуші ақпараттарды алу, жасырын таиниктерді табуды женілдеттіру және онымен қоса тергеушінің жұмыс жүргізу қабілетін жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін іс жүргізу құжаттарын бекітетін әдіс¹.

Криминалистикалық фотосурет аумағында сонғы үш онжылдықта ғылыми ізденістерді бағалай отырып, ғалымдар мен тәжірибешілердің күштері зерттеулік фотосуреттің белек әдістерін құруға, дәстүрлі негативтік-позитивтік процестен тұратын криминалистикалық әдістер мен құралдарды қалыптастыру жолдарын іздеуге бағытталғанын айтып еткен жөн.

Қазіргі таңда фотосурет — тергеу әрекетінің барлық кезеңдерімен бірге жүреді: қылмыстың ізін анықтаған сәтінен бастап істі сотқа жібергенге дейін. Сол сияқты фотосуреттік құралдар мен әдістерді өз жұмыстарында қолдануышы тұлғалардың ауқымы кең: тергеуші, жедел қызметкер, маман, криминалист-маман. Сондыктan іске асатын заттай дәлелдемелердің мәртебесін сақтап, суреттерді алушы жылдамдатуға және женілдетуге жол беретін фотосурет техникасында, әрбір өзгерістерге мүдделер толықтай занды болып табылады.

Электронды жарыққабылдаушы сандық фотокамераның пайда болуы компьютерлік өндірісте фотосуреттерді және олардың көшірмелерін ыңғайлы түрде алуға мүмкіндік береді: қатты дискіде, компакт дискіде, термоқағазда, басу қағаздарында. Қазіргі баспа құралдары бейнелерді жақсы алуға мүмкіндік береді. Электронды түрде жазылған бейнелерді ұзак уақыт сақтауға болады, ал автоматтандырылған іздеу жүйесі болса, оларды іздел-табу комакты дискілік архивте аз уақыт алады. Осылай табиғи жинақтардың бейнелердің, фотографиялық картотекелардың басқа да криминалистикалық бағыты бар есепке алуларды сақтауға болады. Бір уақытта бейнелердің сапасы мен көркеюі компьютерлік әдістердің жақсаруы қолжетімді болады². Сузбелеу арқасында суреттің сапасын жақсартуға ренде басып, әлсіз көрінетін белгілерді, дыбыс қатынастарын жоғарылатын анықтауға, суреттің анықтылығы мен нақтылығын көтеруге болады. Осы операциялар әлсіз көрінетін, мұлде көрінбейтін суреттерді көріп, бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі сандық фотобейне дәстүрлі классикалық фотобейнемен салыстырғанда бірқатар ерекше және көп функциялды мүмкіндіктері бар, сондыктan бәсендетуші және көрітартпа еңбек ету кейінге. Сандық фотобейнені қолдану кезінде, фотоматериалдарды химиялық зертханадан өндеудің қажетті жоқ, колданылатын құралдардың саны және фотобейнені жасауға жұмсалатын уақыт қысқартылады. Алынған фотобейнені жеңіл және тез шығаруға, сапасын көтірмей көшірмесін алуға, модем болған жағдайда оны сандық коммуникациялық желімен жіберуге болады.

Сандық фотобейнені қылмыстарды тергеуде қолдану құқық қорғау органының мүмкіндігін арттыруға әсер етеді, ейткені оның көмегімен объективтің «тоқтатуға» оның дамуының әртүрлі сатыдағы динамикалық процесін менгеруге көзге көрінбейтін объективтің бекітуге болады. Қылмыстың алдын алуша фотобейненің маңыздылығын аса бағалап жіберу кын.

Бұғаңға күнде сандық фотобейне құқық қорғау органының тергеу тәжірибесінде қолданылса, сол сияқты криминалистикалық сараптама өткізуде қолданылады. Тергеу тәжірибесінде сандық фотобейне қылмыс орның қарапайымда және қылмыскерді сырт бейнесі бойынша тану кезінде қолданылады. (сигнолетикалық фотогүсірілім). Сандық фотобейненің деңгейі шет мемлекеттердің жоғары технологиялар құралдарымен жасалған, ол нақты бір адамның тұлғасын жекешелендіруге, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметкерлері жедел-іздестіру қызметінің қын жағдайында түсірімді жүзеге асырады³.

Сандық фотобейнер бірката сараптамаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді, оның құралдары көп жақты бола алады, криминалистикалық тергеу өткізуде қолданылатын қымбат арнайы фотографиялық кешендердің орнына қолданылады. Процессуалдық техникалық және тактикалық әдіс тәсілдердің құрылғыларын тергеу әрекетінде қолдану үлкен қылмыспен құресу тәжірибесіндегі мәселенің бір бөлігі ғана. Бұл сапалы бекітудің дәрежесін арттыруы және кез келген визуалдық, дыбыстық компьютер техникасын құрастыру арқылы өзгерту енгізуіді жөнделдеді. Қазіргі кезде Ішкі істер министрлігі құқық қорғау органдарының кезекші бөлімдеріне көп арналы сандық дыбыс тыңдаушы, компьютерлік, мұрағатталған телефондық хаттамалады өндөруші құрылғыларын енгізу жоспарлануда. Осылан орай, сандық технологияны енгізу криминалистикалық ғылыми жаңа әдістемелердің пайда болуын және криминалистикалық сараптама жүргізу кезіндегі тасымалдаушылардың өзіне зерттеу жүргізуі талап етеді.

¹ Г. И. Чалков. Судебная фотография и основы классификации ее методов // Актуальные вопросы судебной экспертизы. — М., 1992. 229-б.

² Взаимодействие следователя и эксперта-криминалиста при производстве следственных действий: Учебное пособие / Под ред. И. Н. Кожевникова. — М., 1990. 9-б.

³ Криминалистика: Учебн. / Под. ред. В. А. Образцова. — М., 1997. 12-б.